

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ**

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетінің
басқарма төрағасы-ректоры,
профессор



Б.А.Ердембеков

« » 2020 ж.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттік өзін-өзі
басқару ұйымдары туралы


ЕРЕЖЕ

Қызметтік қолдануға арналған басылым

Ақтөбе, 2020 ж.

1. ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ:

Жастар ісі жөніндегі комитет маманы

Н.Е. Қартжан 

Жастар ісі жөніндегі комитет маманы

Р.Т. Сагадатов 

БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ: «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (№1 хаттама, 28 тамыз 2020 жыл) ректормен бекітілген.

2. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ: Жаңасын ауыстырғанға дейін

3. АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Бұл ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара шығарылып, қайталанбауы және ресми басылым ретінде таратылуы мүмкін емес.

Бұл ережеге Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасымен өзгертіліп, толықтырылуы мүмкін.

Бұл ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

I. Жалпы ержелері

1.1. Осы ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар

- 1) Жұбанов университетінің студенті – дағдыларды меңгеруге ұмтылған, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бола алатын, білім ордасының мәдениетін бойына сіңірген, университетті мақтан тұтатын ХХІ ғасырдың тұлғасы.
- 2) Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы – Жұбанов университеті студенттерінің бастамасымен қызығушылықтары бір студенттердің тұлғалық және кәсіби қабілеттерін дамытуға, шыңдаумен қатар шығармашылық қабілеттерін және де әлеуметтік белсенділігін арттыруға арналған студенттермен басқарылатын және де ерікті түрде құрылатын орта.

1.2. Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-нің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары туралы ережесі (бұдан әрі С.Ұ.) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіндегі (әрі қарай университет) студенттік ұйымдардың құрылуы, қызметі мен ұйымдастырылуына және басқарылуына байланысты туындайтын қатынастарды реттейтін құжат болып табылады. Барлық қарама-қайшылықтар, студенттік ұйымдардың ұйымдастырылуымен екі арада туындаған қарым-қатынастар, сұрақтар бұл құжат арқылы реттеледі.

1.3. Осы ережемен Университеттегі студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдарының құқықтары мен мақсат-міндеттері айқындалған.

1.4. Студенттік ұйымдар өз қызметінде келесі құжаттарды басшылыққа алады:

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ ҚР «Білім туралы» Заңы (19.04.2019 жыл өзгерістер мен толықтырудар енгізілген)
- 2) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы
- 3) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің тәрбие жұмысының тұжырымдамасы
- 4) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Академиялық адалдық ережесі
- 5) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттері мен оқытушы-профессор құрамының Ар-намыс кодексі

II. Студенттік ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру

2.1. Студенттік ұйым алғашында факультет деңгейінде құрылады. Құрамы кем дегенде 5 студент.

2.2. Студенттік ұйым құруға қажетті құжаттар:

- 1) Бастамашыл студенттердің ұйымды құру туралы жиналыс хаттамасы;
- 2) С.Ұ -ды құру туралы өтініш;
- 3) С.Ұ ережесі

2.3. Факультеттік С.Ұ ережесі студенттік сенатормен келісіліп, деканмен бекітіледі.

2.4. Факультеттік студенттік ұйым университеттік деңгейін иелену үшін:

- бір жыл белсенді жұмыс жасауы керек;
- студенттік сенатор және факультет декандарынан ұсыныс хат болу керек;
- құрамындағы студенттердің саны кем дегенде 15 студент;

2.5. Студенттік ұйым университеттік деңгейді студенттік парламенттік отырысында көп дауыс жинау арқылы иеленеді.

2.6. Университеттік С.Ұ ережесі жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер департаменті директорымен келісіліп, жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасымен бекітіледі.

2.6. Студенттік ұйымның ережесі келесі бөлімдерді қамтуы керек:

- 1) Ережелерде қолданылатын ұғымдарға түсініктеме;
- 2) С.Ұ-ның атауының түсініктемесі мен анықтамасы
- 3) С.Ұ-ның мақсаты, міндеттері мен құндылықтары
- 4) С.Ұ-ның қызметі мен оны ұйымдастыру реттілігі
- 5) С.Ұ-ның құрылымы және оның құқықтары мен міндеттері
- 6) С.Ұ-ның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері
- 7) С.Ұ-ның мүшелігіне қабылдау және одан шығару
- 8) С.Ұ-ның қызметінің ерекшеліктеріне байланысты бөлімдер
- 9) Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

III. Студенттік ұйымның қызметін ұйымдастыру талаптары

Университеттік студенттік ұйым

3.1. Жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер департаменті директорымен келісіліп, жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасымен бекітілген жылдық жұмыс жоспарының болуы;

3.2. Жобаларды жүзеге асыру:

1 жыл құрылған университеттік С.Ұ. үшін: 1 университетішілік жоба;

2-5 жыл аралығында жұмыс жасап жүрген университеттік С.Ұ. үшін: 1 университетішілік жоба, 1 қалалық жоба, 1 облыстық жоба;

5 жылдан артық жұмыс жасап келетін университеттік С.Ұ. үшін: 2 облыстық жоба, 1 республикалық жобалар ұйымдастырылу талабы қойылады.

3.3. Университеттік студенттік ұйымдардың барлық жобалары мен іс-шараларының бағдарламалары жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер департаменті директорымен келісіліп, жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасымен бекітілуі керек;

3.4. Әр университеттік С.Ұ оқу жылы ішінде басқа жоғары оқу орындарының студенттік ұйымдарымен бірлесіп кем дегенде 1 іс-шара ұйымдастыруы қажет.

3.5. Ұйымдастырылған жобалар мен іс-шаралар туралы ақпараттар уақытылы БАҚ жарияланып отыру тиіс;

Факультеттік студенттік ұйым

3.5. Факультеттік С.Ұ-ның ұйым ішіндегі, факультетішілік деңгейдегі жобаларға шектеу қойылмайды.

3.6. Факультеттік С.Ұ-ның барлық жобалары мен іс-шараларының бағдарламалары студенттік сенатормен келісіліп, факультет деканымен бекітілу керек;

IV. Студенттік ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Университеттік студенттік ұйымдардың құқықтары:

- 1) Осы ережемен бекітілген құжаттар негізінде студенттік ұйым болып құрылуға;
- 2) Бекітілген ережелері бойынша өз қызметін жүзеге асыруға, жалпы университетішілік рейтингке қатысуға;
- 3) Алқалы жиындарда дауыс беруге, ұсыныстар айтуға;
- 4) Мемлекеттік және орыс тілдерінде студенттік ұйымның толық атауы бар эмблемасының болуына;
- 5) Жоспарлы және де жоспардан тыс жиналыстар жасауға;
- 6) Филиал ашуға, басқа университеттермен және де университеттік ұйымдармен байланыс ұстауға, басқа университеттермен өңіраралық байланысты дамытуға және де бірлескен шаралар, жобалар ұйымдастыруға;
- 7) Студенттік ұйымның бекітілген ережесіндегі қызметтерді жүзеге асыру үшін демеушілер мен университеттің көмегін алуға;
- 8) Қ.Р-ның заңдарына қайшы келмейтін, Университеттің имиджіне нұқсан келтірмейтін қауымдастықтар мен одақтарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметтерін пайдалануға;
- 9) Жыл сайынғы университетке түсетін студенттерді ұйымға шақырту мақсатында агитациялық жұмыстарды жүргізуге және де университеттік жәрмеңкеге қатысуға, сондай-ақ университеттік ресурстарды қолдануға;
- 10) Студенттік ұйымдардың басшылары мен мүшелерінің еңбектерін бағалау мақсатында үздіктерді марапаттауға ұсынуға.

4.2. Факультеттік студенттік ұйымдардың құқықтары:

- 1) Осы ережемен бекітілген құжаттар негізінде студенттік ұйым болып құрылуға;
- 2) Бекітілген ережелері бойынша өз қызметін факультет деңгейінде жүзеге асыруға;
- 3) Мемлекеттік және орыс тілдерінде студенттік ұйымның толық атауы бар эмблемасының болуына

4.3. Университеттік студенттік ұйымдардың міндеттері:

- 1) ҚР- заңдары мен университетішілік нормативтік - құқықтық құжаттарды сақтауға;
- 2) Студенттерге жалпы азаматтық құндылықтар мен ұлттық құндылықтарды насихаттауға;
- 3) Университеттің атақ абыройына кір келтірмеуге;
- 4) Студенттер тұлғасының дамуы мен өмірлік маңызы бар дағдыларға машықтандыруға жағдай жасауға;
- 4.1) Университетте қалыптасқан студенттік дәстүрлерді сақтау және дамыту, азаматтық мәдениет пен белсенділік ұстанымдарын қалыптастыру, олардың әлеуметтік жетілуі мен дербестігін, өзін-өзі дамыту мен кәсіби-шығармашылық қабілеттерін ашуға жағдай жасау және де оларды дамытуға;
- 5) Жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер департаменті мен жастар ісі жөніндегі комитеттің тапсырмаларын уақытылы орындауға;
- 6) Айына бір рет ұйымның жалпы жиналысын өткізіп, хаттамасын жастар ісі жөніндегі комитетке тапсыруға;
- 8) Оқу жылы бойына І жартыжылдық және оқу жылы бойынша жылдық есеп беру жиналыстарын ұйымдастыруға, есептерді жастар ісі жөніндегі комитетке тапсыруға;
- 9) Оқу жылы бойынша жұмыс жоспарын құрып, оны жүзеге асыру;

4.4. Факультеттік студенттік ұйымдардың міндеттері:

- 1) ҚР- заңдары мен университетішілік нормативтік - құқықтық құжаттарды сақтауға;
- 2) Студенттерге жалпы азаматтық құндылықтар мен ұлттық құндылықтарды насихаттауға;
- 3) Университеттің атақ абыройына кір келтірмеуге;
- 4) Студенттер тұлғасының дамуы мен өмірлік маңызы бар дағдыларға машықтандыруға факультет деңгейінде жағдай жасауға;
- 5) Оқу жылы бойынша І жартыжылдық және оқу жылы бойынша жылдық есеп беру жиналыстарын ұйымдастыруға, есептерді студенттік сенаторларға тапсыру;
- 7) Оқу жылы бойынша жұмыс жоспарын құрып, оны жүзеге асыру;

Ү. Студенттік ұйымдардың құндылықтары:

5.1. Құндылықтар:

Академиялық адалдық;
Кәсібилік;
Ұрпақтар сабақтастығы;
Үздіксіз жетілу;
Достық;
Білім;

Еріктілік;
Азаматтық позиция;

5.2. Қоғамға қажетті дербес позициясы бар бастамашы жастарды тәрбиелеу

5.3. Университет имиджін көтеруге атсалысу

5.4. Студенттің жеке дамуы үшін жағдай жасау: бағыт бағдар беру, тұлғалық жетілдіру, өнерпаздық дағдыларын дамыту, тиісті деңгейде білім алуына кедергі болмау

КЕЛІСІЛДІ:

Стратегиялық даму және
цифрландыру жөніндегі проректор



Бекбауова А.У.

Әлеуметтік және тәрбие
жұмыстары жөніндегі проректор



Бердыбаев Н.М.

Персоналды басқару және
құжат айналымы басқармасы
қызметінің бастығы



Есеналина Л.С.

Заңгер



Алиманова Л.Б.